

Алматы қаласы Түркісіб ауданы "Жас қанат" шағын ауданындағы саябаққа атау беру туралы

VII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс IV сессиясының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 34 және Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 2/258 бірлескен шешімі мен қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 мамырда № 1704 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13-бабына сәйкес, Алматы қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Алматы қаласы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2021 жылғы 22 ақпандағы және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 7 сәуірдегі қорытындыларының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және VII сайланымның Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Алматы қаласы Түркісіб ауданы "Жас қанат" шағын ауданындағы атауы жоқ саябаққа "Желтоқсан-86" саябағы атауы берілсін.

2. Алматы қаласы Түркісіб ауданының әкімі, "Алматы қаласы Стратегия және бюджет басқармасы", "Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы", "Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы", "Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемелері осы бірлескен қаулы мен шешімді іске асыру жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

3. Алматы қаласы Мәслихатының аппараты осы бірлескен қаулы мен шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында және ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихат шешімінің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихаты әлеуметтік-мәдени даму, жастар және қоғамдық коммуникациялар жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А.Ә. Жүдебаевқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бабақұмаровқа жүктелсін.

5. Осы бірлескен Алматы қаласы әкімдігінің қаулысы мен Алматы қаласы мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б. Сагинтаев

*Алматы қаласы мәслихатының
кезектен тыс IV сессиясының төрағасы,
мәслихат хатшысы*

С. Канкуров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК